

жұмыртқалағыштығы өнімділік кезеңінде 45,82 шт жұмыртқаны құрады, яғни 5,5% ($P < 0,01$) және 6,4% ($P < 0,001$) бақылау тобынан жоғары екені көрсетіп отыр.

RESUME

The aim of the study was to determine the effectiveness of probiotics use of a new generation of Vetom 1.2 and Antispin in the composition of the diet of geese of parental herd lindovskaya breed. It has been established that the inclusion in the diet of the geese of the parent flock of probiotics Vetom 1.2 and Enzimsporin contributed to an increase in safety, growth rate, body weight and egg production. At the same time, the safety of the population of geese in the experimental groups as a whole over the period of productivity was higher than in the control, by 1.25–3.75%. Geese were the highest in live weight, and their diet included Vetom 1.2 probiotic at a dose of 1.5 kg per 1 ton of feed.

With the inclusion of various doses of fodder probiotics Enzimsporin in the diet, the live weight of geese of the parent flock was lower than when using Vetom 1.2 probiotic, but exceeded the control group. The best egg production rates for an average layer were detected in geese who received Vetom 1.2 probiotic in the diet at a dose of 1.5 kg / ton of feed. The egg production of these geese as a whole for the period of productivity was 45.82 pcs. eggs, which is 5.5% ($P < 0.01$) and 6.4% ($P < 0.001$) was significantly higher than the benchmark.

ӘОЖ 636.575.113

Мүстияр Т.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Ордабеков А., магистр

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ОРДАБАСЫ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ ШӘУІЛДІР ЗАУЫТТЫҚ ТИП ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ТІРІ САЛМАҒЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

Аннотация

Мақалада ордабасы қой тұқымының шығарылып жатқан шәуілдір зауыттық типінің қозыларының туған кезінен төрт айлық жасқа дейін тірі салмағы, абсолюттік өсімі және тәуліктік өсімі келтірілген. Мұнда қозы салмағының абсолюттік өсімінің жоғары көрсеткіші 9,84кг -12,58кг олардың туған кезінен 60 күндік жасына дейін байқалды. Қозылардың 60 күнен 120 күндік жасына дейін тірі салмағының абсолюттік өсімі төмендеп 6,08кг - 6,41кг құрады. Еркек қозылардың салмағының тәуліктік өсімі туған кезінен 30 күндік жасқа дейін 391г, ал ұрғашы қозылардың көрсеткіші 328г болды, 1 айдан 60 күндік жасқа дейін сәйкесінше жынысы бойынша 419г және 409г, 60 күннен 90 күндік жасқа дейін 213г және 213г, 90 күннен 120 күндік жасқа дейін 209г және 203г құрады.

Шаруашылықтың 7 айлық қошқарларының шоқтығынан алғандағы биіктігі, 1,5-жасар қошқарлардың осындай өлшемдерінің 85,0%, III топтың 81,3%, ал IV-топтағы ересек малдардың 79,9% құраған. Кеуде орамы көрсеткіштері бойынша 1,5 жасар қошқарларының осындай өлшемдерінің 82,6%, 2,5 жасар- 77,2%, ал ересек қошқарлардың 73,0%-на жетеді.

Ордабасы қой тұқымы ұрпақтарында қозылардың жасына байланысты тірі салмағының динамикасы сарапталынды. Тәжірибедегі төлдердің жасына байланысты тірі салмағы туған кезінде, 1 айлық жасында, 4,5 айлық жасында және 7 айлық жасында зерттелінді. Мұнда төл салмағы жүн жамылғысының пигментация деңгейіне байланысты іріктелген топтар бойынша орта көрсеткіші шығарылды. Бұл көрсеткіш барлық топтар бойынша 4,9кг -5,1кг аралығында болды, оның ішінде жоғары салмақ көрсеткіші 5,1кг шымқай қара топта, ал төменгі көрсеткіш 4,9кг ұяң қара қозыларда байқалды.

Түйін сөздер: өсу және даму, қой тұқымы, зауыттық тип, тірі салмағы, дене өлшемдері.

Зерттеудің өзектілігі. Мал генотипі келесі ұрпаққа дайын белгі күйінде беріле салмайды. Мұнда генотиптің белгілі бір ортада фенотипте пайда болуында. Осыған орай,

белгілердің өзіне тән «реакция нормасы» болады. Егерде, ол генотип ортаға бейімделе алмаса, онда мұндай фенотипті особь эволюциялық дамудан шығарылып тасталынады. Асылдандыру жұмыстарының тиімділігі селекциялық белгінің тұқым қуалау дәрежесіне байланысты. Егерде іріктеу сапалық белгілермен жүргізілсе, асылдандыру жұмысы малдың тікелей фенотипі бойынша қарапайым әдістермен жүргізіледі. Мұндай белгілерге – малдың түсі жатады. Қаракөл қойында көптеген селекциялық белгілер тұқым қуалауы бойынша сандық белгілерге жатады. Бұл белгілер сыртқы орта факторларымен өзара әсерлесуге түсетін болғандықтан, оларды фенотипі арқылы дәл бағалау өте қиын [1,2].

Күрделі белгілер селекциясында жүйе және тандем әдістерінің қолдану мүмкіншілігі шектеулі, ол өнімділікті орта деңгейге жеткізуге мүмкіндік береді. Жүйе әдісін ұзақ мерзімде қолданғанда, топ ішінде тұқым қуалайтын өзгергіштік азайып, селекцияның тиімділігі азаяды. Тандем әдісін қолданғанда белгілердің реті барлық кезде ойдағыдай болмайды, оң және теріс корреляциялар белгілердің қалаған бағытта селекция жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Селекционерлердің пікірі бойынша, қазіргі кезде күрделі белгілермен селекция жүргізудің ыңғайлы әдісі селекциялық индекстерді қолдану ыңғайлы. Себебі, селекциялық индекс даму деңгейі әрқелкі жеке белгілердің тиімді мөлшерін тауып, селекция жүргізуге мүмкіндік береді. Селекциялық индекстің басқа тәсілдермен салыстырғанда іріктелуге қолданылатын белгілер саны көбейгенде және олардың арасындағы фенотиптік корреляциялық байланыс төмен және теріс болғанда қолдану тиімді [3].

Жалпы ауылшаруашылығы малдарын өсірудегі селекциялық жұмыстар жүйесіне сәйкес қылшық жүнді қойдың генотипі бойынша сұрыптау бірнеше сатылардан тұрады: ата-тегіне қарай сұрыптау, ұрпағының сапасына қарап сынау. Ата-тегінің нәсілдік қасиеттеріне қарап сұрыптау-ол өнімділігі туралы нақты мәліметтерді әкесі және енесі жағынан сарапталады. Ата-тегінің мәліметтерін сараптау кезінде мына принциптер сақталынады: ата-тектің нәсілдік құндылығы; тікелей ата-енесінің өнімі бойынша рекордтық көрсеткіші; селекциялық белгілердің тұқым қуалағыш дәрежесінің жоғары деңгейде сақталынуы; үш атаға дейін қолданылған жұп таңдау принципі [4].

Малды шыққан тегін есепке алып іріктеген кезде, олардың ата-тегінде өнімділік мөлшері қандай болғаны, оның ішінде әке-шешесі, арғы ата-бабасы мәліметі алынса, келесі жағынан құрдастары — аға, әпшесі мен әкесі бірге, шешесі бөлек еркек, ұрғашы малдар өнімділігінің көрсеткіштері есепке алынады. Ата-анасының фенотипінің сипаты жақсы болып, өзінің сырт көрініс құндылығы негізгі шаруашылыққа тиімді белгілерімен жоғары болып тұрса, одан алынатын төлдің де сапасы дұрыс болуын қамтамасыз етеді [5].

Қой шаруашылығының дүниежүзілік даму тенденциясы қозы және қой етін өндіруге бағытт алған. Қазақстан Республикасында жалпы ет өндірісінде қой етінің үлесі 18-20% құрайды, олар жақын және алыс шетелдерде жоғары сұранысқа ие. Қылшық жүнді бағыттағы қой шаруашылығының сапалы өнімі – қозы еті, қой еті, қаракөл елтірісі және қой терісін өндіреді. Республикада етті-майлы қой тұқымынан алынатын қозы еті және қой еті үлесі айтарлықтай жоғары [6].

Республиканың WTO мүше болып енуі қозы еті және қой етін өндіретін жоғары өнімді, тез жетілетін желі мен типтердің болуы, еліміздің бүткілдей экономикалық сұранымын қамтамасыз етеді және оларды шығару өзекті мәселе. Жоғары өнімді және бәсекеге қабілетті етті –майлы өнімді ордабасы қой тұқымы олардың өсіру аймағын кеңейту үшін, оны қарқынды даму технологиясын қолдану негізінде асылтұқымдық және өнімдік сапасын жетілдіруді қажет етеді. Жұмыс мақсаты Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ордабасы қой тұқымының жаңа генотиптерін шығару және қолда бар тұқымын жетілдіру.

Зерттеу әдісі мен әдістемесі. Ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типі қозыларының туған кездегі және енесінен бөлер кезіндегі тірі салмағы, абсолюттік және тәуліктік өсімі Е.Я. Борисенконың [7] жалпы қабылданған әдісі бойынша зерттелінді. Зерттеу нысаны және орны. Зерттеу нысаны Ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типінің қозылары. Зерттеу «Бек» шаруашылығында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Шығарылып жатқан Ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типі қозыларының туған кездегі және енесінен бөлер кезіндегі тірі салмағы, абсолюттік және тәуліктік өсімі «Бек» шаруашылығында зерттелінді.

Еркек қозылардың туған кезіндегі салмағы 5,92 кг, ұрғашы қозылардың салмағы -5,40 кг құрады. 30 күндік еркек қозылардың салмағы 17,66 кг және ұрғашы қозылардың салмағы - 15,24 кг болды (1 кесте).

1 кесте - Етті-майлы тұқымды қозылардың туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі тірі салмағы

Жасы	Тірі салмағы, кг			
	n	♂	n	♀
Туған кезде	30	5,92±0,11	32	5,40±0,18
30 күнде	30	17,66±0,3	31	15,24±0,34
60 күнде	30	30,24±0,6	31	27,5±0,39
90 күнде	30	36,63±0,6	31	33,91±0,5
120 күнде	30	42,90±0,8	32	39,99±0,8

60 күндік еркек қозылардың орташа тірі салмағы 30,24 кг және ұрғашы қозылардың салмағы 27,5 кг, 90 күндік еркек қозылардың орташа тірі салмағы 36,63 кг және ұрғашы қозылардың салмағы 33,91 кг, 120 күндік еркек қозылардың орташа тірі салмағы 42,90 кг және ұрғашы қозылардың салмағы 39,99 кг болды.

Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойларының 7 айлық жас қошқарлардың тірілей салмағы 40,5 кг, 1,5 жасар қошқарлар 61,3 кг, 2,5 жасарлары 75,5 кг болса, ересек малдардың орташа салмағы 90,5 кг құрады.

Шаруашылықтың 7 айлық қошқарларының шоқтығынан алғандағы биіктігі, 1,5-жасар қошқарлардың осындай өлшемдерінің 85,0%, III топтың 81,3%, ал IV-топтағы ересек малдардың 79,9% құраған. Кеуде орамы көрсеткіштері бойынша 1,5 жасар қошқарларының осындай өлшемдерінің 82,6%, 2,5 жасар- 77,2%, ал ересек қошқарлардың 73,0%-на жетеді.

Қазақтың қылшық жүнді қой тұқымы ұрпақтарында қозылардың жасына байланысты тірі салмағының динамикасы сарапталынды. Тәжірибедегі төлдердің жасына байланысты тірі салмағы туған кезінде, 1 айлық жасында, 4,5 айлық жасында және 7 айлық жасында зерттелінді. Мұнда төл салмағы жүн жамылғысының пигментация деңгейіне байланысты іріктелген топтар бойынша орта көрсеткіші шығарылды. Бұл көрсеткіш барлық топтар бойынша 4,9кг -5,1кг аралығында болды, оның ішінде жоғары салмақ көрсеткіші 5,1кг шымқай қара топта, ал төменгі көрсеткіш 4,9кг ұяң қара қозыларда байқалды.

Ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типі қозыларының туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі тірі салмағының абсолюттік өсімі мен тәуліктік өсімі сарапталынды. Еркек қозылардың абсолюттік салмағы туған кезінен 30 күндік жасқа дейін 11,74 кг, ал ұрғашы қозылардың көрсеткіші 9,84 кг болды, 1 айдан 60 күндік жасқа дейін сәйкесінше жынысы бойынша -12,58 кг және 12,26 кг, 60 күннен 90 күндік жасқа дейін 6,39 кг және 6,41 кг, 90 күннен 120 күндік жасқа дейін 6,27 кг және 6,08 кг құрады (2 кесте).

2 кесте - Етті-майлы тұқымды қозылардың туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі тірі салмағының абсолюттік өсімі килограмм есебімен

Қозылардың жынысы	Туған кездегі тірі салмағы	Мал тірі салмағының абсолюттік өсімі			
		Туған кезінен 30 күндік жасқа дейін	30 күннен 60 күндік жасқа дейін	60 күннен 90 күндік жасқа дейін	90 күннен 120 күндік жасқа дейін
Еркек жынысты	5,92	11,74	12,58	6,39	6,27
Ұрғашы жынысты	5,40	9,84	12,26	6,41	6,08

Ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типі қозыларының туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі тірі салмағының абсолюттік өсу динамикасы біркелкі болмады. Мұнда

қозы салмағының абсолюттік өсімінің жоғары көрсеткіші 9,84кг -12,58кг олардың туған кезінен 60күндік жасына дейін байқалды. Қозылардың 60 күнен 120 күндік жасына дейін тірі салмағының абсолюттік өсімі төмендеп 6,08кг -6,41кг құрады.

Етті-майлы тұқымды қозылардың туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі салмағының тәуліктік өсімі сарапталынды (3 кесте).

3 кесте - Етті-майлы тұқымды қозылардың туған кезінен 4,5 айлық жасына дейінгі салмағының тәуліктік өсімі грамм есебімен

Қозылар жынысы	Туған кездегі тірі салмағы, кг	Мал тірі салмағының тәуліктік өсімі			
		Туған кезінен 30 күндік жасқа дейін	30 күннен 60 күндік жасқа дейін	60 күннен 90 күндік жасқа дейін	90 күннен 120 күндік жасқа дейін
Еркек жынысты	5,92	391	419	213	209
Ұрғашы жынысты	5,40	328	409	213	203

Еркек қозылардың салмағының тәуліктік өсімі туған кезінен 30 күндік жасқа дейін 391г, ал ұрғашы қозылардың көрсеткіші 328г болды, 1 айдан 60 күндік жасқа дейін сәйкесінше жынысы бойынша 419г және 409г, 60 күннен 90 күндік жасқа дейін 213г және 213г, 90 күннен 120 күндік жасқа дейін 209г және 203г құрады.

Қорытынды. «Бек» шаруашылығында ордабасы қой тұқымының шәуілдір зауыттық типі қозыларының өсуі және дамуы олардың тірі салмағы, абсолюттік өсімі және тәуліктік өсімі бойынша зерттелінді. Селекциялық отар жасақталды саны 1500 бас және желілік аталық қошқарлар селекциялық белгісі бойынша анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Красота В.П., Лобанов В.Т., Джапаридзе Т.Г. Разведение сельскохозяйственных животных. - М.: Колос, 1983. - 414 с.
2. Байжұманов Ә. Мал өсіру. – Алматы: Кайнар, 1981. - 224 б.
3. Ермаков М.А., Голоднов А.В. Курдючные овцы Казахстана, Алма-Ата, 1976. - 109 с.
4. Голоднов А.В. Мясо-сальное овцеводство. М., 1977. - С. 111-126.
5. Медеубеков К.У. Состояние и перспективы развития мясо-сального овцеводства // Овцеводство.- 1982.- № 1.- С. 13-14.
6. Канапин К., Ахатов А. Курдючные грубошерстные овцы Казахстана. - Алматы, 2000. - 195 с.
7. Борисенко Е.Я. Разведение сельскохозяйственных животных. - М.: Колос, 1967.- С. 46-440.

РЕЗЮМЕ

В статье приводятся данные по показателям роста и развития ягнят от рождения до 4 месячного возраста создаваемого шаульдерского заводского типа ордабасинской породы. Здесь высокий показатель абсолютного прироста живой массы ягнят 9,84кг -12,58 кг наблюдался в период от рождения до 60 дневного возраста, а низкий показатель 6,08кг -6,41 кг наблюдался в период от 60 дневного до 120 дневного возраста. Суточный прирост живой массы баранчиков от рождения до 30 дневного возраста составил 391г, данный показатель у ярок – 328г, от 1 месяца до 60 дневного возраста соответственно 419г и 409г, от 60 дневного до 90 дневного возраста соответственно -219 г и 213г, от 90 дневного до 120 дневного возраста соответственно - 209г и 203г. Высота от холки 7-х месячных баранов составила 85,0% таких параметров 1,5-летних баранов, 81,3%-III группы, 79,9% - взрослого скота IV группы. По показателям грудной упаковки, такие размеры баранов 1,5-летнего возраста достигают 82,6%, 2,5-летнего-77,2%, а взрослых баранов-73,0%.

Проанализирована динамика живой массы ягнят у потомков ордабасинской породы овец в зависимости от возраста. При рождении живого веса опытного молодняка, в возрасте 1-месячного возраста, в возрасте 4,5-месячного возраста и в возрасте 7-месячного возраста. Здесь

был выведен средний показатель веса приплода по отобраным группам в зависимости от степени пигментации шерстного покрова. Данный показатель по всем группам был в пределах 4,9 кг -5,1 кг, в том числе высокий вес наблюдался в черной группе 5,1 кг, а низкий-в черной группе 4,9 кг.

RESUME

In the article are given the indicators of growth and development of lambs from birth to 4 months of age that created by the Shoulders factory type Ordabasinskoy breed. There are, a high absolute increase in live weight of lambs from 9.84 kg to 12.58 kg was observed in the period from birth to 60 days of age, and a low level from 6.08 kg to 6.41 kg was observed in the period from 60 days to 120 days of age. The daily increase in live weight of the rams from birth to 30 days of age was 391 g, this indicator for young ewe - 328 g, from 1 month to 60 days of age, respectively, 419 g and 409 g, from 60 days to 90 days of age, respectively, -219 g and 213 g, from 90 days up to 120 days of age, respectively - 209g and 203g.

The height from withers of 7-th month rams was been 85% of such parameters. 1,5 years old of rams was been 81.3 % - III group, and 79,9% of IV group. Under measurements of chest from rams of 1,5 years old was been 82,6%, 2,5 years old – 77,2% and adult – 73,0%.

There are analyzed the dynamic of lamb live weight of Ordabasy sheep breed concerning the age rate. At birth till to 1 month then to 4,5 months and 7 months been studied. Such measurement under all of groups was been in rate 4,9 – 5,1 kilo incding in black group with 5,1 kilo, and low level as 4,9 kilo.

ӘОЖ 636.575.113

Мұстияр Т.Ә., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

Паржанов Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор

Ордабеков А., магистр

«Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС,
Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

ОРДАБАСЫ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ ШӘУІЛДІР ЗАУЫТТЫҚ ТИПІ ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ДЕНЕ ӨЛШЕМДЕРІ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ДИМОРФИЗМІ

Аннотация

Мақалада Ордабасы қой тұқымы шәуілдір зауыттық типі қозыларының дене өлшемдері және жыныстық диморфизмі көрсеткіштері келтірілген. Еркек жынысты қозылар дамудың барлық кезеңдерінде дене өлшемдері бойынша басымдылық көрсетті. Еркек қозылардың туған кезіндегі денесінің қиғаш ұзындығы 35,4 см болса, бұл көрсеткіш 30 күндігінде 16,8 см үлкейді, ал 60 күндігінде 26,8 см артты, 90 күндігінде 27,8 см, 120 күндігінде 30,2 см артты. Ұрғашы қозылардың туған кезіндегі денесінің қиғаш ұзындығы 32,9 см құраса, бұл көрсеткіш 30 күндігінде 16,6 см үлкейді, ал 60 күндігінде 28,4 см артты, 90 күндігінде 29,8 см, 120 күндігінде 31,6 см артты. Қозылардың дене өлшемдері бойынша жыныстық диморфизмінің жоғары көрсеткіші: дененің қиғаш өлшемі - 0,6-2,5 см, кеуде орамы - 0,9-3,2 см, иық биіктігі -0,9-1,7 см, құйымшақ биіктігі - 0,6-1,9 см байқалды. Қойдың биологиялық белгілері бойынша жыныстық диморфизмнің көрсеткіштерінің қалыптасуы табиғи және қолдан іріктеу механизмдерінің ықпалынан іске асады. Осыған байланысты, әр жыныстағы малдарға қойлатын іріктеу талаптар теңестірілмейінше, жыныстық белгілер параметріндегі диморфизм сақталып қала береді. Егерде ұрғашы малдар белгілеріне қойылатын іріктеу параметрлерінің деңгейін жоғарылатса, келешекте жыныстық диморфизм айырмашылықтары біртіндеп жақындайды. Жыныстық диморфизм тек қана көбею амалы емес, эволюциялық процестің көптеген механизмдерінің бірі болып саналады. Қозылардың дене өлшемдері бойынша жыныстық диморфизмінің жоғары көрсеткіші: дененің қиғаш өлшемі - 0,6 - 2,5 см, кеуде орамы - 0,9-3,2 см, иық биіктігі - 0,9-1,7 см, құйымшақ биіктігі - 0,6- 1,9 см байқалды. Қозылардың дене өлшемдері бойынша жыныстық